

Газды қайтару жөніндегі мәміленің бағасын белгілеу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2018 жылғы 13 тамыздағы № 503 қаулысы.

"Трансферттік баға белгілеу туралы" 2008 жылғы 5 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының 10-бабы 10-тармағының 3) тармақшасына, сондай-ақ 2001 жылғы 28 қарашадағы Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Ресей Федерациясының Үкіметі арасындағы Газ саласындағы ынтымақтастық туралы келісімге, 2006 жылғы 3 қазандығы Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Ресей Федерациясының Үкіметі арасындағы Орынбор газ өндіреу зауытының негізінде шаруашылық қоғам құрудадағы ынтымақтастық туралы келісімге сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ**:

1. Қазақстан Республикасының ішкі нарығын газбен жабдықтау үшін 2017 жылғы қараша – желтоқсан кезеңінде жеткізілген Ресей газының көлемін өтеу мақсатында Қазақстан Республикасы/Ресей Федерациясының шекарасы, "Александров Гай" газ өлшеу станциясы DAP шарттарында қарсы жеткізуді қамтамасыз ету жолымен 219280080 текше метр көлемінде Қараышығанақ кен орнының өнделген газын 2018 жылы экспортқа өткізу кезінде "КазРосГаз" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі мен "Газпром" жария акционерлік қоғамы уәкілеттік берген ұйым – "GAZPROM Schweiz AG" арасында жасалатын мәміле бойынша газдың бағасы 1000 текше метрі үшін 3660 ресей рублі болып белгіленсін.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Энергетика министрлігіне жүктелсін.

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Б. Сагынтаев